

5. Әр топтан жол белгілері туралы тақпақтар айту.

6. Топ аралық жарыс кедергілер арасынан өту

Жүргізуші 1 - сайысымызда: Өз орныңды тап, әр топ өздерінің ұрандарымен топ аттарымен таныстырып өтеді

«Қызылдар» тобы: Топтың аты «Қызылдар»

Ұраны: Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.

«Сарылар» тобы: Топтың аты «Сарылар» Ұраны: Сары көзін ашқанда
Қарап қалма аспанға

Жүргізуші

2 - сайысымызда Жол инспектор қызметкерінің сауалы мен жұмбақ жасырады, әр топқа үш - үштен сұрақтар мен жұмбақ беріледі

Жол инспекторы: Ескертемін! Қол көтермей, рұқсатсыз берілген жауап есептелмейді. **«Қызылдар» тобына:**

1 - сұрақ: Көшедегі кездейсоқ қауіп - қатерден аман болу үшін нені білуіміз қажет? (қауіп - қатерден аман болу үшін жолда жүру ережесін жақсы білуіміз керек.)

2 - сұрақ: Бағдаршамның түстері қалай орналасқан? (бағдаршам түстері тігінен 1) қызыл, 2) сары, 3) жасыл болып орналасқан. Қызыл түсі жүруге тыйым салады; сары түсі назар аударыңыз, жасыл түсі жүруге рұқсат дегенді білдіреді.)

3 - сұрақ: Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты қалай атаймыз?
\Ақжолқаша/

4- сұрақ: Жолдардан қалай өтеміз? (Бағдаршам арқылы өтеміз) 5- сұрақ: Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді)

«Сарылар» тобына:

1. сұрақ: Жүргізуші деген кім? (Көлік жүргізетін адам)

2 - сұрақ: Автобус тоқтайтын орын? (аялдама)

3 - сұрақ: Бағдаршамның қай көзі біздің досымыз? (жасыл)

4- сұрақ: Бағдаршам жоқ жерден қалай өтеміз? (әуелі сол жаққа, көшенің ортасына келгенде оң жаққа қараймыз)

5- сұрақ: Ал бағдаршам туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Көреген дәу қырағы

Көшемізде тұрады

Оның аты бағдаршам

Жол сілтейді әрқашан